

## Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы Арқа ауылы әкімінің 2019 жылғы 9 қазандағы № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қазанда № 8697 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қамысты ауданы Арқа ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қамысты ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне инженерлік сумен жабдықтау желілерін жүргізу мен пайдалану мақсатында Қамысты ауданы Арқа ауылының аумағында орналасқан, жалпы алаңы 1,7742 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің Арқа ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі*

*Т. Досмухамбетов*